

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 8 маусымдағы № 376 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарында:

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. 2300 "Негізгі құралдар" кіші бөлімі негізгі құралдарды есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

2310 – "Жер" бюджеттен бөлінетін қаражаттың есебінен сатып алынған жердің кез-келген түрін, ормандарды, ішкі сулар мен пайдалы қазбалардың кен орындарын есепке алуға арналған;

2320 – "Ғимараттар" тұрақты негізде салынған, ұстап тұратын және қоршап тұратын немесе біріктірілген (ұстап тұратын және қоршап тұратын) конструкциялардан тұратын объектілер түріндегі бөлек тұрған ғимараттарды, объектінің функционалдық мақсатына қарай адамдар немесе жануарлар тұруға, заттарды сақтауға арналған объектілерді есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2321 – "Тұрғын емес ғимараттар", мұнда басқару органдары, әлеуметтік-мәдени (оқу орындарының, ауруханалардың, емханалардың және амбулаториялардың, қариялар мен мүгедектігі бар адамдар арналған үйлердің, балалар мекемелерінің, кітапханалардың, клубтардың, мұражайлардың, ғылыми-зерттеу институттарының, шеберханалардың ғимараттары) және басқа да мемлекеттік мекемелер орналасқан өндірістік-шаруашылық мақсаттағы ғимараттар есепке алынады;

2322 – "Тұрғын үй ғимараттары", мұнда толығымен немесе көбіне тұрғын үй мақсатындағы ғимараттар есепке алынады (тұрғын үй-жайлардың жалпы пайдалы алаңы барлық пайдалы тұрғын және тұрғын емес алаңдардың кемінде елу пайыз алады) ;

2330 – "Құрылыстар" су айдағыштарды, стадиондарды, бассейндерді, көпірлерді, ескерткіштерді, парктердің, саябақтардың, қоғамдық бақтардың қоршауларын және басқа да құрылысты есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2331 – "Автомобиль жолдары" автомобиль жолдарын есепке алуға арналған;

2332 – "Өзге де жолдар" темір жол және өзге де жолдарды есепке алуға арналған;

2333 – "Өзге де құрылыстар" су айдағыштар, стадиондар, бассейндер, көпірлер, ескерткіштер, парктердің, саябақтардың, қоғамдық бақтардың қоршаулары және басқа құрылысты есепке алуға арналған;

2340 – "Беру құрылғылары" электр, жылу және механикалық энергияны беру, сондай-ақ магистральдық құбырлар, байланыс желілері және энергетикалық (кабельдік) желілер болып табылатын сұйық және газ тәрізді заттарды беру (тасымалдау) жүргізілетін құрылғыларды есепке алуға арналған;

2350 – "Көлік құралдары" қозғалыс құралдарының барлық түрлерін есепке алуға арналған, олар мынадай жеке топтарға бөлінеді:

теміржол көлігінің жылжымалы құрамы (тепловоздар, мотодрезиндер, вагондар, платформалар, цистерналар, дизель-электроходтар);

су және автомобиль көлігі (теплоходтар, сүйретпелер, баржалар мен баркалар, қызметтік қосымша құтқару қайықтары мен кемелері, жүзбелі айлақтар, желкенді кемелер, жүк таситын және жеңіл автомобильдер, тіркемелер, автосамосвалдар, автоцистерналар, автобустар, мамандандырылған автомобильдер, оның ішінде жедел медициналық жәрдем қызметінің санитарлық автокөлігі, тартқыш тракторлар және басқа су және автомобиль көлігі);

әуе көлігі (ұшақтар, тікұшақтар);

ат көлігі (арбалар, шаналар);

өндіріс көлігі (электрокарлар, мотоциклдер, мотороллерлер, велосипедтер, қоларбалар, мүгедектерге арналған коляскалар және басқа өндіріс көлігі);

спорт көлігі;

2360 – "Машиналар мен жабдықтар" қуат машиналары мен жабдықтарды, жұмыс машиналары мен жабдықтарды, өлшеу аспаптарын, реттеу аспаптарын мен қондырғыларын, зертхана жабдықтарын, компьютерлік жабдықтарды, дәрігерлік жабдықтарды, кеңсе жабдықтарын, криминалистикалық жабдықтарды, өзге де машиналар мен жабдықтарды есепке алуға арналған, олар мынадай жеке топтарға бөлінген:

жылу және электр энергиясын өндіретін қуат машиналары мен жабдықтар, машина-генераторлар және судың, желдің энергиясын, сондай-ақ жылу және электр энергиясын механикалық қозғалыс энергиясына айналдыратын машина -двигательдер;

өнім жасау және өндірістік мақсатта қызметтер көрсету процесінде және механикалық двигательдердің, адам және жануар күшінің көмегімен өндіріс процесінде еңбек затын ауыстыру барысында еңбек затына механикалық, жүк және жолаушы лифтілерін қоса алғанда термикалық және химиялық әсер етуге арналған жұмыс машиналары мен жабдықтары, машиналар, аппараттар мен жабдықтар;

өлшеу аспаптары – дозаторлар, амперметрлер, барометрлер, ваттметрлер, су өлшегіштер, вакуумметрлер, вапориметрлер, вольтметрлер, биіктік өлшегіштер, гальванометрлер, геодезиялық аспаптар, гигроскоптар, индикаторлар, компастар, манометрлер, хронометрлер, арнаулы таразылар, өлшегіштер, көпфункционалды сағаттар, касса аппараттары және басқа өлшеу аспаптары;

реттегіш аспаптар мен құрылғылар – оттегі-тыныс алу аспаптары, электрлі, пневматикалы және гидравликалы реттегіш қондырғылар, автоматты басқару пульстер, орталықтандыру және бұғаттау аппаратурасы, диспетчерлік бақылаудың желілік құрылғылары;

зертханалық жабдықтар – пирометрлер, реттегіштер, калориметрлер, ылғалдылықты анықтайтын аспаптар, айдау текшелері, зертханалық копралар, газ өткізгіштікті сынайтын аспаптар, жыртылуға төзімділікті сынайтын аспап, микроскоптар, термостаттар, тұрақтандырғыштар, кергіш шкафтар және басқа зертханалық жабдықтар;

компьютерлік жабдықтар – дербес компьютерлер, процессорлар, іркіліссіз қорек көздері, мониторлар, принтерлер, сканерлер және басқа компьютерлік жабдықтар;

медициналық жабдықтар – медициналық жабдықтар (тіс дәрігері креслосы, операциялық столдар, арнаулы жабдығы бар төсектер), арнаулы дезинфекциялық және дезинсекциялық жабдықтар, сүтханалар мен сүт станцияларының, қан құю станцияларының жабдықтары және басқа медициналық жабдықтар;

офистік жабдықтар – көшіргіш машиналар, факс-машиналар, құжаттарды жоюға арналған машиналар және басқалар және басқа офистік жабдықтар;

өзге де машиналар мен жабдықтар – стадиондардың, спорт алаңдарының және спорт жайларының жабдықтары (оның ішінде спорт снарядтары), оқу орындарындағы кабинеттер мен шеберханалардың жабдықтары, киноаппаратура, жарықтандыру аппаратурасы, сахна жабдықтары, музыкалық аспаптар, теледидарлар, магнитофондар, ұялы байланыс аппараттары, пейджерлер, радиоаппаратура, ғылыми-зерттеу мемлекеттік мекемелерінің және ғылыми жұмыстармен айналысатын басқа да мемлекеттік мекемелердің арнайы жабдықтары, АТС (автоматты телефон станциясы) жабдықтары, механикалық өрт сөндіру сатылары, кір жуатын және тігін машиналары, тоңазытқыштар, шаңсорғыштар, ауа баптағыштар, қысқа толқынды пештер, бейнетіркегіштер, автодабылдағыштар, бағыттағыштар, бейнекамералар, өзін-өзі қорғау құралдары (электрлі қару, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттармен жарақталған аэрозольді құрылғылар және басқалар), радиациялық, химиялық барлау және дозиметрлік бақылау аспаптары, техникалық байланыс құралдары, радиостанция, қауіп туралы хабарлайтын техникалық құралдар (спутниктік трекинг және мониторинг жүйелері (GPS), қауіп дабылын жасырын беруге арналған алып

жүретін құрылғы, құқыққа қарсы қол сұғушылықтарды тіркеудің техникалық құралдары (портативті диктофон, алып жүретін бейнетіркегіш және басқалар), жоғарыда тізбеленген топтарда көрсетілмеген басқа да машиналар мен жабдықтар;

қару-жарақ және әскери техника;

криминалистикалық жабдық – құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдардың уәкілетті бөлімшелерінің сотқа дейінгі тергеуді техникалық -криминалистикалық қамтамасыз етуіне арналған криминалистикалық шабадандар, сандық шағын, айналы, гибридік фотоаппараттар, сандық бейнекамералар;

2370 – "Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы" аспаптар, өндірістік және шаруашылық құралдарды есепке алуға арналған және мынадай топтарды қамтиды :

аспаптар – механикаландырылған және механикаландырылмаған жалпы сипаттағы еңбек құралдары, сондай-ақ машиналарға бекітілген, материалдарды өңдеу үшін қолданылатын заттар. Оларға электр энергиясының, қысылған ауаның көмегімен жұмыс істейтін қолға ұстайтын механикаландырылған құралдарды (электродрелдер, бояу бүріккіштер, электр тітіркеткіштер, гайка бұрағыштар) қоса алғанда қол еңбегінің кесетін, ұратын, қысатын және тығыздайтын құралдары, сондай-ақ материалдарды өңдеуге, монтаж жұмыстарын жүргізуге арналған құралдар (қыспақтар, патрондар, бөлгіш тығындар, қозғағыштарды орнатуға және автомобильдердегі кардан біліктерін айналдыруға арналған құралдар) және шоттардың басқа топтарында көрсетілмеген басқа да аспаптар;

өндірістік мүкәммал мен керек-жарақтар – жұмыс уақытында өндірістік операцияларды жеңілдетуге қызмет ететін өндірістік мақсаттағы заттар, жұмыс үстелдері, верстагтар, кафедралар, парталар және еңбекті қорғауға көмектесетін басқа жабдықтар, сұйық және сусымалы заттарды сақтауға арналған орынжайлар (бактар, амбарлар, сенектер, қамбалар), сауда шкафтары мен сөрелер, мүкәммал ыдыстар, жұмыс машиналарына жатқызылмаған техникалық мақсаттағы заттар;

шаруашылық мүкәммал – кеңсе керек-жарақтары (қабырғалық жиһаз, гарнитуралар, құрамалы жиһаздар, тумбалар, демалыс бұрышы), жылжытпалы тосқауылдар, ілгіштер, гардеробтар, әр түрлі шкафтар, дивандар, үстелдер, орындықтар, креслолар, кітап сөрелері, жанбайтын шкафтар мен жәшіктер, сейфтер, еденде тұратын сағаттар, гектографтар, шапирографтар мен басқа да қолға ұстайтын көбейткіш және нөмірлегіш аппараттар, телефондар, желдеткіштер, жылжытпалы киіз үйлер, шатырлар (оттегілерінен басқа), кереуеттер (арнайы жабдығы бар кереуеттерден басқа), кілемдер, портьерлер, терезеге арналған торлар және басқа да шаруашылық мүкәммал, сондай-ақ өртке қарсы мақсаттағы заттар-гидропульттер, стендтер, қол сатылар, өрт сөндіргіштер ;

басқа да өндірістік және шаруашылық мүкәммал – рамадағы картиналар, қола мүсіндер (бюсттер), мраморлы вазалар, шамдар (люстралар, бра), тифлоқұралдар мен

сурдоқұралдар, көрнекі насихаттау стендтері және басқа да өндірістік және шаруашылық мүкәммал;

2380 – "Өзге де негізгі құралдар" өзге негізгі құралдарды есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2381 – "Мәдени мұра активтері", мұнда өзінің мәдени, экологиялық және тарихи мәніне байланысты мәдени мұра болатын активтер есепке алынады. Оларға тарихи ғимараттар мен монументтер, археологиялық қазба орындары, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, өнер шығармалары, мұражай құндылықтары жатады;

2382 – "Кітапханалық қор", мұнда жекелеген кітаптардың кітапханалық қорлар есептеледі. Кітапханалық қорларға ғылыми, көркем және оқулық әдебиет, әдебиеттің арнаулы түрлері және басқа басылымдар енгізіледі;

2383 – "Өзге де негізгі құралдар", мұнда:

жерді жақсарту бойынша күрделі шығындар есепке алынады. Жерді жақсарту жөніндегі күрделі шығындарға күрделі салымдар есебінен жүргізілетін (жер бөліктерін жобалау, алқаптарды егістік үшін отау, даланы тастар мен қой тастардан тазарту, түбірлерді кесу, жабайы өсімдіктерден арылту, көлшіктерді тазарту), ауыл шаруашылығына арналған жерді үстіртін жақсарту жөніндегі мәдени-техникалық шараларға арналған заттық сипатта емес (құрылыс салуға байланысты емес) шығындар жатады;

хайуанаттар бағындағы және басқа сондай мекемелердегі жануарлар әлемінің экспонаттары;

көшелердегі, алаңдардағы, парктердегі, бақтардағы, саябақтардағы, ұйымдардың аумағындағы, тұрғын үй аулаларындағы көгалдандыру және көріктендіру өсімдіктері, жанды қоршаулар, қар тосқындары мен егістікті қорғайтын жалдар, құмдар мен өзен жағалауларын бекітетін өскіндер, жар-қабақ өскіндері, ботаника бақтарының және ғылыми-зерттеу ұйымдары мен оқу орындарының ғылыми мақсаттарға арнап басқа қолдан өсірілген көпжылдық өскіндер;

өзге де мүкәммал, су диспенсерлері, кастрюльдер, табалар, жол белгілері, жасанды бұзушылықтар, сәндік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, көше гүлзарлары, павильондар, беседкалар, орындықтар, урналар, балалар ойындары мен ересек тұрғындардың демалуына арналған жабдықтар мен конструкциялар) және басқа да мүкәммал;

жұмыс малдары – жылқылар, өгіздер, түйелер, есектер және басқа да жұмыс малдары (көліктік және спорт жылқыларын, қызметтік иттерді қосқанда);

өзге де негізгі құралдар – елді мекендердің бас жоспары, бірлік үшін құны екі айлық есептік көрсеткіштен жоғары сахналық қойылым құралдары (декорациялар, жиһаз және кәделік, бутафорлық заттар, театралды және ұлттық костюмдер, бас киімдер, іш киімдер, аяқ киімдер, париктер), оқу кинофильмдері, магнитті дискілер мен ленталар, жеке қорғану құралдары (броньды кеудешелер, қорғаныш дулығасы, оққа төзімді,

тыныс алу, көру органдарын жеке қорғау құралдары және басқалар) және басқа шоттардың тобына енгізілмеген өзге де негізгі құралдар;

2390 – "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы" негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануына резерв сомасын есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

2391 – "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы", мұнда негізгі құралдардың жинақталған амортизациясының сомасы есепке алынады;

2392 – "Негізгі құралдардың құнсыздануына резерв", мұнда мемлекеттік мекеменің теңгеріміндегі негізгі құралдардың құнсыздануына резерв құрумен және оның қозғалысымен байланысты операциялар есепке алынады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. 3100 "Салық және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі салық және басқа да төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

3110 – "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" мұнда бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер есепке алынады.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3111 – "Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда жеке тұлғалармен әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмектер бойынша, қызметкерлер мен қызметшілерге еңбекте алған жарақат, не болмаса заңнамасына сәйкес олардың еңбектегі міндеттерін орындауға байланысты өзге де денсаулығын зақымдаған залалдың орнын толтыру, қаза болған, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына төленетін біржолғы төлемдер бойынша, әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ ішкі істер органдарының шұғыл-іздістіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарды төлеу үшін берілетін ақшалай өтемақы бойынша, жеке тұлғаларға өзге де трансферттер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен бір жылға дейінгі мерзімге бөлінген қаражаттың қозғалысы есепке алынады;

3112 – "Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша қаражат қозғалысы есепке алынады;

3113 – "Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер есепке алынады;

3114 – "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша есеп айырысулар есепке алынады;

3115 – "Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда бір жылға дейінгі мерзіммен заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа қожалықтарына және фермерлік шаруашылықтарға субсидиялар бойынша есеп айырысулар есепке алынады;

3116 – "Заңды тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда заңды тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады;

3120 – "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектерді есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3121 – "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Қазақстан Республикасының Салық кодексіне (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес жеке табыс салығының есептелуімен және бюджетке төленуімен байланысты операциялар көрсетіледі;

3122 – "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Салық кодексіне сәйкес әлеуметтік салықтың есептелуі және бюджетке төленуі бойынша операциялар есепке алынады;

3123 – "Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Салық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы есепке алынады;

3124 – "Өзге де салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда алдыңғы шоттар тобында көрсетілмеген бір жылға дейінгі мерзіммен Салық кодексіне сәйкес бейрезидент заңды тұлғалармен операциялар бойынша төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстау және бюджетке төлеу, мемлекеттік баж салығын есептеу және бюджетке төлеу, сондай-ақ өзге де бюджетке есептеулер мен төлемдер бойынша операциялар есепке алынады;

3130 – "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" активтерді сатудан түсетін кірістер бойынша, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатудан түсетін сметадан тыс түсімдерді көрсететін кірістер бойынша,

активтердің жетіспеушілігін өтеуден түсетін кірістер бойынша, сондай-ақ мемлекеттік бюджетке түсуге жататын басқа да кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3131 – "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда кірісі мемлекеттік бюджетке тиесілі мемлекеттік мекеменің ұзақ мерзімді активтерін сатуы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады;

3132 – "Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін сметада тыс түсімдерді мемлекеттік бюджеттің кірісіне беру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек, сондай-ақ жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікпен операцияларды есепке алу бойынша сатып алушылардың қысқа мерзімді кредиторлық берешегі есепке алынады;

3133 – "Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда активтердің жетіспеушілігін өтеуден түскен кірістердің, сондай-ақ басқа шоттар топтарында көрсетілмеген өзге де кірістердің түсімі бойынша мемлекеттік мекеменің бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешегі есепке алынады;

3140 – "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3141 – "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) сәйкес міндетті әлеуметтік аударымдарды есептеумен және төлеумен байланысты операциялар көрсетіледі;

3142 – "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялар көрсетіледі;

3143 – "Өзге де міндетті және ерікті төлемдер бойынша өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда мемлекеттік мекемелер жүргізетін автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға жарналар бойынша кредиторлық берешек есепке алынады;

3144 – "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялары көрсетіледі;

3145 – "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізетін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеуге және төлеуге байланысты операциялар көрсетіледі;

3150 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелерді есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

3151 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заң) сәйкес мемлекеттік мекемелердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленуі тиіс міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды есептеуіне байланысты операциялар көрсетіледі;

3152 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", мұнда Әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес қызметкерлердің кірісінен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына төленуі тиіс міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын есептеуге байланысты операциялар көрсетіледі.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. 4100 "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" кіші бөлімі ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған.

Осы кіші бөлім мынадай шоттарды қамтиды:

4110 – "Өнім берушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" бір жылдан астам өтеу мерзімі бар өнім берушілер мен мердігерлер алдындағы кредиторлық берешекті есепке алуға арналған;

4120 – "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоты жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған;

4130 – "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алуға арналған;

4140 "Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" мұнда шоттардың басқа топтарында көрсетілмеген, өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек есепке алынады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. 7000 – 7100 "Операциялық шығыстар" кіші бөлімі мынадай шоттарды қамтиды:

7010 – "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" мемлекеттік мекеменің қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған шығыстарды, еңбек демалыстарын төлеуге арналған резервті есепке алуға арналған;

7020 – "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар" қайтарымсыз тәртіппен төленетін есептелген стипендиялар бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7021 – "Шетелде стипендиаттардың оқуына ақы төлеу" шетелде стипендиаттардың оқуына ақы төлеу бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7022 – "Стипендиялар" төленген стипендиялар бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7030 – "Зейнетақы жарналары бойынша шығыстар", зейнетақы жарналары бойынша шығыстарды есепке алуға арналған.

Осы шот мынадай қосалқы шоттарды қамтиды:

7031 – "Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына арналған шығыстар", Әлеуметтік кодекске сәйкес кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алуға арналған;

7032 – "Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстар", Әлеуметтік кодекске сәйкес жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алуға арналған;

7033 – "Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар", Әлеуметтік кодекске сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қосымша зейнетақы жарналары бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алуға арналған;

7040 – "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар" Салық кодексіне және Әлеуметтік кодекске сәйкес әлеуметтік салық бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алуға арналған;

7050 – "Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар" Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған шығыстарды есепке алуға арналған;

7060 – "Қорлар бойынша шығыстар" тұтынылған материалдар, дәрі -дәрмектер және өзге де қорлар бойынша шығыстарды есепке алуға, сондай-ақ сатылған дайын өнімнің өзіндік құнын есептен шығаруға арналған;

7070 – "Іссапарларға арналған шығыстар" мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің және мемлекеттік мекеменің қызметкерлері болып табылмайтын адамдардың іссапарларына (елдің ішінде және одан тыс жерлерде) байланысты шығыстарды есепке алуға арналған;

7080 – "Коммуналдық төлемдер мен өзге де қызметтер бойынша шығыстар" коммуналдық және өзге де қызметтерге (газ, электр энергиясы, жылу, байланыс үшін) арналған шығыстарды есепке алуға арналған;

7090 – "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар" ұзақ мерзімді активтерді ағымдағы жөндеуге арналған шығыстарды есепке алуға арналған;

7110 – "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7120 – "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар", ұзақ мерзімді активтерді, артық және пайдаланылмайтын материалдарды сатудан, ақылы қызметтер бойынша сметадан тыс түсімдерден, активтердің жетіспеушілігін өтеуден, сондай-ақ активтерді басқарудан, алуға сыйақылар бойынша және басқалардан бюджетке тиесілі сомалар бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7130 – "Жалдау бойынша шығыстар" жалдау бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7140 – "Өзге де операциялық шығыстар" шоттардың басқа топтарында көрсетілмеген мемлекеттік мекеменің өзге операциялық шығыстарын есепке алуға арналған;

7150 – "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар", Әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен жарналар бойынша шығыстарды есепке алуға арналған;

7160 – "Әлеуметтік аударымдарға арналған шығыстар" Салық кодексіне және Әлеуметтік кодекске сәйкес әлеуметтік аударымдар бойынша мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алуға арналған.";

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Баланстан тыс шоттарда мемлекеттік мекемеде уақытша тұрған және (немесе) оған тиесілі емес активтер есепке алынады. Баланстан тыс шоттарда ескерілген активтер баланста ескерілетін ұқсас активтер үшін белгіленген тәртіппен және мерзімдерде түгендеуге жатады.

Көрсетілген активтерді есепке алу үшін мынадай баланстан тыс шоттар қолданылады:

01 – "Жалға алынған активтер" шоты. Осы шотта операциялық жалдау шарты бойынша мемлекеттік мекеме қабылдаған активтер жалдау шартында көзделген құн бойынша есепке алынады;

02 – "Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар" шоты. Бұл шотта шарттар бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды орындау үшін алынған арнаулы

жабдықтарды қоса алғанда, мемлекеттік мекеме жауаптылықпен сақтауға қабылдаған қорлар, сондай-ақ орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар есепке алынады;

03 – "Қатаң есептілік бланкілері" шоты. Бұл шотта сақтаудағы және есепке берілетін қатаң есептілік бланкілері (мемлекеттік мекемелердің фирмалық бланкілері, тамақтануға төленген талондар, демалыс үйлеріне, шипажайлар мен туристік базаларға төленген жолдамалар, пошталық маркалар мен мемлекеттік баж маркаларына алынған хабарламалар, еңбек кітапшалары бланкілері) есепке алынады;

04 – "Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі" шоты. Бұл шотта борышкерлердің мүліктік жағдайы өзгерген кезде оны өндіріп алу мүмкіндігін бақылау үшін баланстан есептен шығарған, "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағында белгіленген тәртіппен өндіріп алуға үмітсіз деп танылған сәттен бастап бес жыл ішінде төлем қабілеті жоқ дебиторлардың берешегі есепке алынады. Бұл берешектерді өтеуге алынған сомалар баланстық шотта қайта қалпына келтіріледі және тиісті бюджеттің кірісіне беру бойынша мемлекеттік мекеменің бюджет алдындағы міндеттемесі ретінде танылады;

05 – "Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі" шоты. Бұл шотта оқушылар мен студенттердің талап ету мерзімі ішінде олар қайтармаған киім-кешектері, іш киімдері, құрал-саймандары және басқа да құндылықтары үшін берешегі есепке алынады;

06 – "Ауыспалы спорт жүлделері мен кубоктары, марапаттар" шоты. Бұл шотта әр мемлекеттік мекемелер белгілеген және олардан алынатын командаларды марапаттау үшін ауыспалы сыйлықтар, тулар, кубоктар, марапаттар (осы бюджеттік ұйымда тұрған барлық кезеңнің ішінде) есепке алынады;

07 – "Жолдамалар" шоты. Бұл шотта қоғамдық, кәсіподақ және басқа ұйымдардан қайтарусыз алынған жолдамалар есепке алынады. Жолдамалар ақша құжаттарымен бірге кассада сақталуы тиіс;

08 – "Әскери техниканың оқулық құралдары" шоты. Бұл шотта тирлерде, спорттық оқ ататын алаңдарда, оқу орындарының әскери тәртіп кабинеттерінде орналасқан жабдықтар мен заттардың барлық түрлері есепке алынады;

09 – "Мәдени мұра активтері" шоты. Бұл шотта тарихи ғимараттар және монументтер, археологиялық қазбалардың орындары, қорықтар және табиғи қорғалатын аумақтар, сонымен қатар мәдени мұра объектісі ретінде танылған құндық бағалауға ұшырамаған өнер туындылары есепке алынады.";

көрсетілген Жоспарға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Жоспарға 2-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларында:

3-тармағының 36)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"36) есептік цифрлық жүйесі – бұл бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі функцияларды автоматтандыруға арналған бағдарламалық өнім;"

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Астананың бюджетіне, облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың бюджетіне салықтық түсімдерді қоспағанда, салық төлеушілердің жеке шоттарының (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сома) қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп бюджетке түсетін салықтық түсімдерді есепке алу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің, сондай-ақ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік немесе коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғалардағы қатысу үлестеріне кірістердің бір бөлігінің түсімдерін есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттар тиісті салалардың уәкілетті органдары немесе жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты берген деректер болып табылады.

"е-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған цифрлық жүйесінің (бұдан әрі – ИАЦЖ) талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" талдау орталығы (бұдан әрі – ТО) алынған түсімдер бойынша есептер нысаны бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді есептеу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

ИААЖ-дан алынған түсімдер бойынша есептердің нысандары астана бюджеттеріне, облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала есептелген салықтық және салықтық емес түсімдерді көрсету бойынша бастапқы құжаттар болып табылады."

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің сәйкес қаржыландырудың ерекше тәртібі айқындалған мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер дербес деректерді қорғау шараларын сақтай отырып, өздерінің есептік цифрлық жүйесінен күн

сайын интеграциялық сервистер арқылы бухгалтерлік операциялар бойынша БО БДҚ-ға деректерді беруді киберқауіпсіздік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.";

22-1-тармақ мынадай редакциямен толтырылсын:

"22-1. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің есепке алу ақпараттық объектілеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 6-бабының 4-тармағымен айқындалады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Талдамалы есеп есепке алу тіркелімдерінде (кітаптарда, карточкаларда, жинақтау ведомостерінде және басқа есепке алу тіркелімдерінде) жүргізіледі.

Салықтық түсімдердің талдамалық есебі (салықтар, өзге де бюджетке төленетін міндетті төлемдер, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдар) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 637 бұйрығымен бекітілген Салық төлеушінің (салық агентінің) жеке шотын жүргізу қағидаларының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37255 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті органның кодтары бойынша жүргізіледі.";

26-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Бухгалтерлік кітаптарда жазбалар басталғанға дейін барлық беттер (парақтар) нөмірленеді, бухгалтерлік есепті цифрлық жүйе арқылы жүргізген кезде бухгалтерлік кітаптардың барлық беттері (парақтары) автоматты түрде нөмірленеді. Парақтың соңғы бетінде бас бухгалтердің қолы қойылып: "Осы кітапта барлығы ____ беттер (парақтар) нөмірленген" деген жазу жазылады. Бухгалтерлік құжаттаманың кассалық кітабы КО-4 нысаны және 440 нысаны тігіліп, елтаңбалы мөрмен мөрленуі тиіс, ал Бухгалтерлік құжаттаманың КО-4 және 440 нысандарындағы парақтар саны мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның және бас бухгалтердің қолдарымен расталады.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ" шотында республикалық бюджетке түсімдердің түсуі есептеледі, 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", шотында жергілікті бюджетке түсімдердің түсуі есептеледі.

Бюджетке салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шоттарының дебегі және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1295 "Негізгі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1296 "Бюджетке түсетін арнаулы

түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджеттен төлеушіге артық төленген соманы қайтару кезінде 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3286 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының дебеті және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.";

102-тармақта өзгеріс орыс тілінде енгізілуде, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

141-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"141. Дебиторлық берешекті есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

1210 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1220 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі";

1240 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар";

1260 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі";

1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер";

1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв";

1291 "Салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек;

2210 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі";

2220 "Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек";

2230 "Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер".";

143-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"143. Кредиторлық берешекпен жасалатын операцияларды есепке алуға мынадай шоттар арналған:

3110 "Бюджеттен төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3120 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3130 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3140 "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3220 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3240 "Қызметкерлердің және басқа да есеп беретін тұлғалардың алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар";

3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3270 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3280 "Бюджетке түсетін салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

4110 "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

4120 "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

4130 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер".

4140 "Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек";

147-1-тармақ мынадай редакциямен толтырылсын:

"147-1. Өткен жылдардағы нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған сомаларын бюджетке қайтару кезінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мынадай жазба жүргізеді: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3133 "Бюджет алдында өзге операциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегі" шотының кредиті, және бір мезгілде: 3133 "Бюджет алдында өзге операциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегі" шотының дебеті және 1212 "Нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттарының кредиті.";

151 және 152-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"151. Бюджетке салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер, негізгі капиталды және мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер, трансферттер, бюджеттік кредиттер төлеу сомасы және қарыздар бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөніндегі дебиторлық берешекті есептеу үшін шотының мынадай қосалқы шоттары арналған:

1291 "Салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1295 "Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1296 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек".

Салықтық түсімдер бойынша дебиторлық берешекті есептеу салық төлеушілердің жеке шоттарының (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сома) қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі негізінде жүргізіледі.

Салықтық емес түсімдер бойынша дебиторлық берешекті есептеу "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" құрауышының "е-Қаржымині" ИААЖ талдау орталығы кіші жүйесінен алынған түсімдер бойынша есептер негізінде жүргізіледі.

Корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша кірістер сомасын бағалауға арналған есептеуге салыстырмалы өткен кезең үшін аванстық төлемдер есептемесіне декларация бойынша КТС сомасына қатынасы ретінде коэффициентті қолданған жөн.

Бұл ретте, бухгалтерлік жазба жүргізіледі:

КТС бойынша кірісті 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шот/қосалқы шот дебеті және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша есептеу;

Салық төлеушілер декларация тапсырғаннан кейін уәкілетті орган кірісті дербес шоттардың мәліметтері негіздемесіне сәйкес таниды және есептелген кірістерді есепті күнге жазады.

Бұл ретте бухгалтерлік жазба:

6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының дебеті және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының кредиті бойынша декларация тапсырылғаннан кейін КТС бойынша есептелген кірістер түзетпесіне;

1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шоты/қосалқы шоты дебеті мен 6081 "

Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша кейінгі кезеңге декларациялау негізінде кірісті есептеуге жазылады.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша кірістер сомасын бағалау үшін есептеуге салық төлеушілердің есепті кезеңінің үшінші тоқсаны үшін декларациялар бойынша ҚҚС-нан кірістерді есептеу фактісін тіркейтін жеке шоттардағы жазбалар болып табылады. ҚҚС бойынша толық жылдық соманы көрсету үшін есептеуге төртінші тоқсан бойынша өткен жылдардың статистикасын пайдалана және алғашқы үш тоқсан үшін нақты деректерді түзете отырып, төртінші тоқсандағы ҚҚС бойынша кірістер сомасына қатысты бухгалтерлік бағалау қолданылады.

Бұл ретте:

төртінші тоқсандағы ҚҚС кірісін есептеуге 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының дебети және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазба жазылады.

Дәл осындай тәсіл салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жеке шоттары жүргізілетін, салық кезеңі күнтізбелік ай немесе күнтізбелік тоқсан белгіленген салық түсімдерінің басқа түрлеріне қолданылады (акциздер, пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық, ойын бизнесіне арналған салық).

Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жеке шоттары жүргізілмейтін бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кірістер (мемлекеттік баж, алым, төлемдер) Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес төленген сәтте танылады.

Салықтық емес түсімдер мен негізгі капиталды сатудан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша кірісті уәкілетті орган төленген сәтте танылады.

152. Салық төлеушілердің салықтық емес және арнаулы төлемдері бойынша есеп айырысулары жөніндегі кредиторлық берешекті есепке алу үшін 3280 "Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының мынадай қосалқы шоттары арналған:

3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3285 "ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттер алдындағы бөлінетін кеден баждары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3286 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек".

Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС бойынша кредиторлық берешекті есептеу Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) негізінде жүргізіледі, 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кредиті бойынша ескеріледі.

Бұл ретте, ҚҚС сомасын есептеу кезінде қайтаруға: 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

ҚҚС сомасының қайтарымы төлем тапсырмасы бойынша және салық органының өкімі бойынша 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.";

167 және 168-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"167. Бюджетке төлем сомасын мемлекеттік баж бойынша және басқа төлемдер бойынша төлем сомасын есептеу мынадай жазбамен жүргізіледі: 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және 3124 "Бюджетке өзге салықтар және басқа да міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Есептелген соманы аудару мынадай тізбекпен көрсетіледі: 3124 "Бюджетке өзге салықтар және басқа да міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімшесі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

168. Қызметкерлердің әлеуметтік сақтандыруға аударымдары Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) көзделген мөлшерде жүргізіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік есептеулер сомасын есептеу мынадай жазбалармен жүзеге асырылады: 7160 "Әлеуметтік аударымдарға арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3141 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; 3141 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы

тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті.

Мемлекеттік мекеме әлеуметтік салықты есептеуді мынадай жазбамен көрсетеді: 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар" шотының дебеті және 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.";

180-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"180. Мердігер орындаған жұмыстардың, қорлар түсімінің, ұзақ мерзімді активтердің сомасына 2410 "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар", 1310 "Материалдар", 1340 "Тауарлар", 2300 "Негізгі құралдар", 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік", 2600 "Биологиялық активтер", 2710 "Материалдық емес активтер" қосалқы шотының дебетіне және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 4110 "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоты қосалқы шотының кредитіне жазба жүргізіледі.";

210-тармақтың үшінші бөлікте және 220, 221-тармақтарда өзгеріс орыс тілінде енгізілуде, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

312-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"312. Мемлекеттік мекеме күрделі шығындарды 2410 "Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар" қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша көрсетеді. Аяқталмаған құрылыс іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшенеді.";

320-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Түгендеу нөмірлерінің тізбесі мемлекеттік мекеме пайдаланатын бухгалтерлік мекеменің цифрлық жүйесі арқылы қалыптастырылады. Түгендеу объектісі күрделі болған кезде, яғни онымен бірге бір бүтінді құрайтын сол немесе басқа оқшауланған элементтерді қосқанда, әрбір осындай элементте оларды біріктіретін негізгі объектімен бірдей түгендеу нөмірі көрсетіледі. Түгендеу нөмірі объектіге бекітілген жетонда немесе объектідегі бояумен немесе басқа тәсілмен белгіленеді. Объектіге (затқа) берілген түгендеу нөмірі оның осы мемлекеттік мекемеде болған барлық кезеңіне сақталады. Шығарылған немесе жойылған мүкәммалдық объектілердің нөмірлері басқа объектілерге берілмейді.";

323-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Түгендеу карточкалары мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есептің цифрлық жүйесінде тиісті қосалқы шоттар мен топтар бойынша, олардың ішінде бөлімшесі материалдық жауапты тұлғалар бойынша, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда – қосымша және қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер бойынша қалыптастырылады.";

434-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"434. 6080 "Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер" шоты мынадай қосалқы шоттардан тұрады:

6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер";

6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер";

6083 "Жергілікті өзін-өзі басқарудан алынатын кірістер";

6084 "Жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа да кірістері";

6085 "Трансферттердің бюджетке түсуі";

6086 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландырудан түсетін кірістер";

6087 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдерден алынатын кірістер".

Салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдердің дебиторлық берешегін есептеу 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1296 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының дебеті және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер", 6087 "Бюджетке түсетін арнаулы түсімдерден алынатын кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.";

457-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"457. Мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар";

7020 "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар";

7030 "Зейнетақы жарналары бойынша шығыстар";

7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар";

7050 "Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар";

7060 "Қорлар бойынша шығыстар";

7070 "Іссапарларға арналған шығыстар";

7080 "Коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша шығыстар";

7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар";

7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар";

7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар";

7130 "Жал бойынша шығыстар";

7140 "Өзге операциялық шығыстар";

7150 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар";

7160 – "Әлеуметтік аударымдарға арналған шығыстар";

7210 "Трансферттер бойынша шығыстар";

7220 "Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша шығыстар";
7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар";
7240 "Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша шығыстар";
7250 "Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша шығыстар";
7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар";
7270 "Өзге де трансферттер және бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар";
7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар";
7320 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар";
7330 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шығыстар";
7410 "Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар";
7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар";
7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар";
7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар";
7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар";
7460 "Өзге шығыстар";
7470 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар";

7480 "Қаржылық инвестициялар мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар";

7490 "Қорлар бойынша шығыстар".";

459-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"459. Мемлекеттік мекеме шығыстардың есептелуін мынадай корреспонденциялармен көрсетеді:

еңбекақы төлеу бойынша: 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

мемлекеттік оқу орнында стипендия төлеу бойынша: 7020 "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қосымша белгіленген зейнетақы жарналары бойынша: 7033 "Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

әлеуметтік салық бойынша: 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар" шотының дебеті және 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

әлеуметтік аударымдар бойынша: 7160 – "Әлеуметтік аударымдарға арналған шығыстар" шотының дебеті және 3141 – "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына

міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті әлеуметтік сақтандыруға міндетті төлемдер бойынша: 7050 "Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3143 "Өзге де міндетті және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қорларды есептен шығару бойынша: 7060 "Қорлар бойынша шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті;

іссапарларға есеп беретін сома бойынша: 7070 "Іссапарларға арналған шығыстар" шотының дебеті және 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті;

коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша: 7080 "Коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

ағымдағы жөндеуге: 7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

ұзақ мерзімді активтерді амортизациялау бойынша: 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және ұзақ мерзімді активтердің жиналған амортизациясы бойынша тиісті қосалқы шоттың кредиті;

бюджетпен есеп айырысу бойынша: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

жалдау бойынша: 7130 "Жал бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.";

473 және 474-тармақтарда өзгеріс орыс тілінде енгізілуде, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

499-тармақта өзгеріс орыс тілінде енгізілуде, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

513-тармақта өзгеріс орыс тілінде енгізілуде, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

524 және 525-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"524. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемеде балансталған шоттардағы уақытша сақталудағы және (немесе) оның меншігіне жатпайтын активтердің (жалданған активтер, қатаң есептілік бланкілері және мемлекеттік мекемеге тиесілі емес басқа да активтер) есебін жүргізеді.

Баланстан тыс шоттарда есепке алу дара (қарапайым) жазба бойынша жүргізіледі. Баланстан тыс шоттарда ескерілген активтер белгіленген тәртіппен түгендеуге жатады.

525. Көрсетілген құндылықтарды есепке алу үшін мынадай баланстан тыс шоттар қолданылады:

01 "Жалға алынған активтер" шотында – операциялық жалға алу шарты бойынша қабылданған активтер жалдау шартында көзделген құнында ескеріледі;

02 "Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар" – шарттар бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды орындау үшін сатып алынған арнайы жабдықты, сондай-ақ шарттарда көзделген баға бойынша қайта өңдеуге қабылданған шикізат пен материалдарды қоса алғанда мемлекеттік мекеме жауапты сақтауға қабылдаған тауар-материалдық құндылықтар ескеріледі;

03 "Қатаң есептілік бланкілері" – сақтаудағы және есепке берілетін қатаң есептілік бланкілері (есеп айырысу чек кітапшалары, түбіртек кітапшалары, аттестаттар, дипломдар, куәлік бланкілері, мемлекеттік мекемелердің фирмалық бланкілері, тамақтануға төленген талондар, демалыс үйлеріне, шипажайлар мен туристік базаларға төленген жолдамалар, пошталық маркалар мен мемлекеттік баж маркаларына) және басқа да қатаң есептілік бланкілерін мемлекеттік органдар бекіткен тізбелерге сәйкес есепке алынады;

04 "Төлемге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі – "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен өндіріп алуға үмітсіз деп танылған кезден бастап бес жыл ішінде төлемге қабілетсіз дебиторлардың берешегі ескеріледі, борышкерлердің мүліктік жағдайы өзгерген жағдайда оны өндіріп алу мүмкіндігін бақылау үшін баланстан есептен шығару. Осы берешекті өтеуге алынған сомалар баланстық шотқа қалпына келтіріледі және мемлекеттік мекеменің бюджет алдындағы тиісті бюджеттің кірісіне беру жөніндегі міндеттемесі ретінде танылады;

05 "Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі" – оқушылар мен студенттердің қайтарылмаған киім-кешектері, іш киімдері, құралдары және басқа да құндылықтары үшін берешегі ескеріледі. Оқу орнының балансынан оқудан шығып қалған оқушылар мен студенттердің материалдық құндылықтарын есептен шығару олардың шығуы туралы бұйрықтардың негізінде жүргізіледі. Оқушылар мен студенттер қайтармаған материалдық құндылықтар баланстан тыс есепке алынады. Мұндай мүлікті талап ету Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 260-бабына сәйкес жасалады;

06 "Ауыспалы спорт жүлделері мен кубоктары, марапаттар" – түрлі мемлекеттік мекемелер бекіткен және олардан жеңімпаз командаларды марапаттау үшін алынған ауыспалы сыйлықтар, тулар, кубоктар, марапаттар ескеріледі (осы мемлекеттік мекемеде болған барлық кезеңі ішінде);

07 "Жолдамалар" – қоғамдық, кәсіподақтық және басқа ұйымдардан қайтарымсыз алынған жолдамалар ескеріледі;

08 "Әскери техниканың оқулық құралдары" – тирлерде, спорттық ату алаңдарында, әскери пәндер кабинеттерінде орналасқан барлық жабдықтар мен құралдар ескеріледі;

09 "Мәдени мұра активтері" – мәдени мұралық активтер (тарихи ғимараттар мен ескерткіштер, археологиялық қазбалар орны, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, сондай-ақ өнер туындылары) ескеріледі."

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмелерін қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін өткен соң орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық:

1) 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін Осы бұйрықтың 1-тармақтың жүз отыз екінші абзацтын және Осы бұйрықтың 2-тармақтың алтыншы және тоғызыншы абзацтарын;

2) 2026 жылдың 12 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін Осы бұйрықтың 2-тармақтың үшінші, төртінші, сегізінші, оныншы, он бірінші, он жетінші, он сегізінші, жүз үшінші, жүз төртінші, жүз бесінші және жүз алтыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2026 жылғы 12 шілдеден бастап:

осы Бұйрықтың 2-тармағының төғызыншы абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"ИАЦЖ-дан алынған түсімдер бойынша есептердің нысандары астана бюджеттеріне, облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қала есептелген салықтық және салықтық емес түсімдерді көрсету бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.";

осы Бұйрықтың 2-тармағының он үшінші абзацы мынадай редакцияда қолданылады :

"22-1. Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің есепке алу цифрлық объектілеріне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 6-бабының 4-тармағымен айқындалады.";

осы Бұйрықтың 2-тармағының алпыс төғызыншы абзацы мынадай редакцияда қолданылады:

"Салықтық емес түсімдер бойынша дебиторлық берешекті есептеу "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" құрауышының "е-Қаржымині" ИАЦЖ талдау орталығы кіші жүйесінен алынған түсімдер бойынша есептер негізінде жүргізіледі."

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы "8" маусымдағы
№ 376 бұйрығына
1-қосымша
Мемлекеттік мекемелердің
бухгалтерлік есепке алу
шоттарының жоспарына
1-қосымша

Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын

Шот	Қосалқы шот	Шоттар атауы
1	2	3
1 бөлім. Қысқа мерзімді активтер		
1000		Ақша қаражаты және олардың баламалары
1010		Кассадағы ақша қаражаты
1020		Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты
1030		Есеп айырысу шоты
1040		Түсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін ҚБШ
	1041	Қайырымдылық көмек ҚБШ
	1042	Ақылы көрсетілетін қызметтер ҚБШ
	1043	Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ
	1045	Нысаналы қаржыландыру ҚБШ
	1046	Республикалық бюджеттің ҚБШ
	1047	Жергілікті бюджеттердің ҚБШ
	1048	Жәбірленушілерге өтемақы қоры ҚБШ
1050		Шетелдік валютадағы шот
1060		Арнаулы шот
	1061	Байланысты гранттың арнаулы шоты

	1062	Сыртқы қарыздың арнаулы шоты
1070		Өзге де ақша қаражаты
	1071	Аккредитивтер
	1072	Ақша құжаттары
	1073	Жолдағы ақша қаражаты
	1074	Өзге де ақша қаражаты
	1076	Арнаулы мемлекеттік қордың ҚБШ
	1077	Орталық уәкілетті органның Арнаулы мемлекеттік қорының ҚБШ
	1078	Жергілікті уәкілетті органның Арнаулы мемлекеттік қорының ҚБШ
1080		Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары
	1081	Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары
	1082	Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1083	Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1084	Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1085	Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1086	Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша

		міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1087	Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1088	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
1090		Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары
	1091	Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары
	1092	Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1093	Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1094	Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1095	Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	1096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
1100		Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
1110		Қысқа мерзімді берілген қарыздар

1120		Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
1130		Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв
1200		Қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1210		Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1211	Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1212	Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1213	Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1214	Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1215	Заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1216	Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуге трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1217	Заңды тұлғаларға берілетін трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1220		Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1230		Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
	1231	Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
	1232	Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1233	Сатып алушылардың мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі

1240		Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1241	Ішкі ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1242	Ведомствоаралық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1250		Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар
1260		Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
	1261	Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
	1262	Қызметкерлермен басқа есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1263	Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
1270		Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1280		Өзге де қысқа мерзімді дебиторлық берешектер
1290		Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв
	1291	Салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1292	Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1293	Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1294	Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1295	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан есеп айырысулар

		бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	1296	Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1300		Қорлар
1310		Материалдар
	1311	Құрылыс материалдары
	1312	Оқу, ғылыми зерттеулерге және басқа да мақсаттарға арналған материалдар
	1313	Дәрі-дәрмектер және байлап-таңу құралдары
	1314	Тамақ өнімдері
	1315	Отын, жанар-жағар май материалдары
	1316	Шаруашылық материалдары және кеңсе керек-жарақтары
	1317	Арнайы киімдер және басқа да жеке қолдану заттары
	1318	Қосалқы бөлшектер
	1319	Өзге де материалдар
1320		Аяқталмаған өндіріс
1330		Дайын өнім
1340		Тауарлар
	1341	Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік
	1342	Өзге де тауарлар
1350		Жолдағы қорлар
1360		Қорлардың құнсыздануына арналған резерв
1400		Өзге қысқа мерзімді активтер
1410		Берілген қысқа мерзімді аванстар
1420		Алдағы кезеңдердің шығыстары
1430		Өзге қысқа мерзімді активтер
2–бөлім. Ұзақ мерзімді активтер		
2100		Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
2110		Ұзақ мерзімді берілген қарыздар
2120		Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары
2130		Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв

2140		Кредиттік шығындар резерві
2150		Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма
2160		Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма
2200		Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2210		Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
2220		Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
2230		Өзге де ұзақ мерзімді дебиторлық берешектер
2300		Негізгі құралдар
2310		Жер
2320		Ғимараттар
	2321	Тұрғын емес ғимараттар
	2322	Тұрғын үй ғимараттары
2330		Құрылыстар
	2331	Автомобиль жолдары
	2332	Өзге де жолдар
	2333	Өзге де құрылыстар
2340		Беру құрылғылары
2350		Көлік құралдары
2360		Машиналар мен жабдықтар
2370		Аспаптар, өндірістік және шаруашылық мүкәммалы
2380		Өзге де негізгі құралдар
	2381	Мәдени мұра активтері
	2382	Кітапханалық қор
	2383	Өзге де негізгі құралдар
2390		Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы
	2391	Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы
	2392	Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв
2400		Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар
2410		Аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар
	2411	Аяқталмаған құрылыс

	2412	Материалдық емес активтерге күрделі салымдар
	2413	Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру құрылғыларын және өзге де негізгі құралдарды күрделі жөндеу
	2414	Жолдарды күрделі жөндеу
2500		Инвестициялық жылжымайтын мүлік
2510		Инвестициялық жылжымайтын мүлік
2520		Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы
	2521	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы
	2522	Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына арналған резерв
2600		Биологиялық активтер
2610		Жануарлар
2620		Көпжылдық екепелер
2630		Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы
	2631	Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы
	2632	Биологиялық активтердің құнсыздануына арналған резерв
2700		Материалдық емес активтер
2710		Материалдық емес активтер
	2711	Бағдарламалық камтамасыз ету
	2712	Авторлық құқық
	2713	Лицензиялық келісімдер
	2714	Патенттер
	2715	Гудвилл
	2716	Өзге де материалдық емес активтер
2720		Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы
	2721	Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы
	2722	Материалдық емес активтердің құнсыздануына арналған резерв

2800		Өзге ұзақ мерзімді активтер
2810		Өзге ұзақ мерзімді активтер
3–бөлім. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
3000		Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3010		Қысқа мерзімді алынған сыртқы қарыздар
3020		Қысқа мерзімді алынған ішкі қарыздар
3030		Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер
3040		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
3100		Салық және өзге де төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3110		Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3111	Жеке тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3112	Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3113	Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3114	Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3115	Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3116	Заңды тұлғаларға трансферттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3120		Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3121	Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3122	Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
		Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша

	3123	қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3124	Өзге де салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3130		Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3131	Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3132	Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3133	Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3140		Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3141	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3142	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына төленетін міндетті зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3143	Өзге де міндетті және ерікті төлемдер бойынша өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3144	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3145	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
		Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар мен

3150		жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3151	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3152	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3200		Қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3210		Өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3220		Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3221	Ведомствоішілік есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3222	Ведомствоішілік есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3230		Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3240		Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3241	Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3242	Атқару құжаттары бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3243	Депоненттелген сома бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3244	Уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша қызметкерлерге әлеуметтік жәрдемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3245	Мүшелік кәсіподақ жарналары сомаларын қолма-қол ақшасыз аудару бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек

	3246	Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3247	Банктерге салымдар бойынша шоттарға аударылған қолма-қол ақшасыз аударымдар бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3248	Қызметкерлерге өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3249	Өзге де есеп берілетін сомалар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3250		Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар
3260		Жалдау бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3270		Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3271	Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3272	Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар
	3273	Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешектер
	3274	Қорлардан төлемдер бойынша кредиторлық берешек
3280		Бюджетке түсетін салықтық, салықтық емес және арнаулы түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3281	Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3282	ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3283	ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3284	Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3285	Еуразиялық Экономикалық Одаққа мүше-мемлекеттер

		алдындағы бөлінетін кеден баждары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	3286	Бюджетке түсетін арнаулы түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
3300		Қысқа мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері
3310		Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
3320		Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері
3400		Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер
3410		Алынған қысқа мерзімді аванстар
3420		Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері
4–бөлім. Ұзақ мерзімді міндеттемелер		
4000		Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4010		Ұзақ мерзімді алынған сыртқы қарыздар
4020		Ұзақ мерзімді алынған ішкі қарыздар
4030		Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
4040		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер
4050		Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттеменің номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма
4060		Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттеменің номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма
4100		Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4110		Өнім берушілерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4120		Жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4130		Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
4140		Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек

4200		Ұзақ мерзімді бағалау және кепілдік міндеттемелері
4210		Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
4220		Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері
4300		Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер
4310		Алдағы кезендердің кірістері
4320		Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер
5–бөлім. Таза активтер/капитал		
5000		Қаржыландыру
5010		Күрделі салымдарды қаржыландыру
	5012	Күрделі салымдарды сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландыру
5100		Резервтер
5110		Резервтер
	5111	Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв
	5112	Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв
	5113	Қаржылық инвестицияларды қайта бағалауға арналған резерв
	5114	Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв
	5115	Өзге резервтер
5200		Қаржылық нәтиже
5210		Есепті жылдың қаржылық нәтижесі
5220		Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі
5230		Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңдегі қаржылық нәтижесі
5240		Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі
6–бөлім. Кірістер		
6000		Айырбас емес операциялардан алынатын кірістер
6010		Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер

6020		Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер
6030		Трансферттер бойынша кірістер
	6031	Жеке тұлғаларға берілетін трансферттер бойынша кірістер
	6032	Нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша кірістер
	6033	Нысаналы даму трансферттері бойынша кірістер
	6034	Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша кірістер
	6035	Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша кірістер
	6036	Өзге де трансферттер бойынша кірістер
6040		Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер
6050		Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер
6060		Гранттар бойынша кірістер
6070		Қарыздардың түсімдерінен түсетін кірістер
	6071	Сыртқы қарыз түсімдерінен түсетін кірістер
	6072	Ішкі қарыз түсімдерінен түсетін кірістер
6080		Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер
	6081	Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер
	6082	Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер
	6083	Жергілікті өзін-өзі басқарудан алынатын кірістер
	6084	Жергілікті өзін-өзі басқарудың өзге де кірістері
	6085	Трансферттердің бюджетке түсуі
	6086	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландырудан түсетін кірістер
	6087	Бюджетке түсетін арнаулы түсімдерден алынатын кірістер
6090		Бюджет қаражатының қалдықтарын қайтару
6100		Айырбас операциялардан алынатын кірістер

6110		Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер
6200		Активтерді басқарудан алынатын кірістер
6210		Сыйақылар бойынша кірістер
6220		Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер
6300		Өзге де кірістер
6310		Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер
6320		Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер
6330		Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер
6340		Бағамдық айырмадан түсетін кірістер
6350		Шеккен зиянды өтеуден алынатын кіріс
6360		Өзге де кірістер
6370		Қорларға түсетін түсімдерден кірістер
	6373	Арнаулы мемлекеттік қорға түсімдерден түсетін кірістер
	6374	Орталық уәкілетті органының арнаулы мемлекеттік қорға түсімдерінен түсетін кірістер
	6375	Жергілікті уәкілетті органының арнаулы мемлекеттік қорға түсімдерінен түсетін кірістер
	6376	Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерден алынатын кірістер
6380		Қаржылық инвестициялар мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын кірістер
	6381	Бағалы қағаздарды орналастырудан түсетін кірістер
	6382	Алынған қарыздарды бастапқы танудан түсетін кірістер
	6383	Берілген қарыздарды бастапқы танудан түсетін кірістер
7–бөлім. Шығыстар		
7000 – 7100		Операциялық шығыстар
7010		Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар

7020		Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар
	7021	Шетелде стипендиаттардың оқуына ақы төлеу
	7022	Стипендиялар
7030		Зейнетақы жарналары бойынша шығыстар
	7031	Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына арналған шығыстар
	7032	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарына арналған шығыстар
	7033	Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар
7040		Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар
7050		Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар
7060		Қорлар бойынша шығыстар
7070		Іссапарларға арналған шығыстар
7080		Коммуналдық төлемдер мен өзге де қызметтер бойынша шығыстар
7090		Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар
7110		Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар
7120		Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар
7130		Жалдау бойынша шығыстар
7140		Өзге де операциялық шығыстар
7150		Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар
7160		Әлеуметтік аударымдарға арналған шығыстар
7200		Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар
7210		Трансферттер бойынша шығыстар
7220		Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша шығыстар
7230		Субсидиялар бойынша шығыстар
7240		Жалпы сипаттағы трансферттер бойынша шығыстар
7250		Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша шығыстар

7260		Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар
7270		Өзге де трансферттер бойынша шығыстар
7300		Активтерді басқару бойынша шығыстар
7310		Сыйақылар бойынша шығыстар
7320		Активтерді басқару бойынша өзге де шығыстар
7330		Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шығыстар
7400		Өзге де шығыстар
7410		Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар
7420		Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару бойынша шығыстар
7430		Бағамдық айырма бойынша шығыстар
7440		Активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар
7450		Резервтерді құру бойынша шығыстар
	7451	Салық берешегі бойынша резерв құру жөніндегі шығыстар
	7452	Резервтерді құру бойынша шығыстар
	7453	Мемлекеттік кепілдіктер алушылардың күмәнді берешегі бойынша резервтерді құру бойынша шығыстар
7460		Өзге де шығыстар
	7461	Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікке байланысты операциялар бойынша өзге де шығыстар
	7462	Өзге де шығыстар
7470		Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ–лары бойынша шығыстар
7480		Қаржылық инвестициялар мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар
	7481	Бағалы қағаздарды орналастырудан болатын шығыстар
	7482	Алынған қарыздарды бастапқы тану кезінде туындайтын шығыстар

	7483	Берілген қарыздарды бастапқы танудан болатын шығыстар
7490		Қорлар бойынша шығыстар
	7491	Жәбірленушілерге өтемақы қоры бойынша шығыстар
	7493	Арнаулы мемлекеттік қордың шығыстары
	7494	Орталық уәкілетті органының Арнаулы мемлекеттік қорының шығыстары
	7495	Жергілікті уәкілетті органының Арнаулы мемлекеттік қорының шығыстары
8–бөлім. Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар		
8010		Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар
	8011	Материалдар
	8012	Еңбекақы
	8013	Еңбекақыдан аударымдар
	8014	Үстеме шығыстар
9–бөлім. Баланстан тыс шоттар		
01		Жалға алынған активтер
02		Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар
03		Қатаң есептегі бланктер
04		Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі
05		Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі
06		Ауыспалы спорт жүлделері мен кубоктары, марапаттар
07		Жолдамалар
08		Әскери техниканың оқулық куралдары
09		Мәдени мұра активтері

Ескертпе:

Аббревиатураларды таратып жазу:

ҚБШ – қолма-қол ақшаны бақылау шоты;

ҚҚС – қосылған құн салығы.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2026 жылғы "8" маусымдағы
№ 376 бұйрығына

2-қосымша
Мемлекеттік мекемелердің
бухгалтерлік есеп
шоттары жоспарына
2-қосымша

Негізгі бухгалтерлік операциялар бойынша шоттар корреспонденциясы

№	Операциялардың мазмұны	Дебет	Кредит
1-бөлім. Қысқа мерзімді активтер бойынша шоттар корреспонденциясы			
1.1. Ақша қаражаты және олардың баламалары			
1.	Бюджеттік шотқа мемлекеттік мекеменің шығындарын өтеуге және басқа да іс-шараларды қаржыландырудың түсуі (күрделі салымдарға арналған қаржыландырудан басқа)	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары 1091 Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары 1083 Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1086 Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1095 Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6010 Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер

2.	Сыртқы қарыздың арнайы шотына түсетін түсім	1062 Сыртқы қарыздың арнайы шоты	6071 Сыртқы қарыз түсімдерден түскен кірістер
3.	Бюджеттік шоттарға мемлекеттік мекеменің күрделі салымдарына қаржыландырулардың түсуі	1082 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1092 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6020 Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер
1.1.2. Трансферттер бойынша операциялар			
4.	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның нысаналы трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауына бюджеттен жоспарлы тағайындаулар алу	1084 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6032 Нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша кірістер, 6033 Нысаналы даму трансферттері бойынша кірістер
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджетті атқару жөніндегі төмен тұрған уәкілетті органға трансферттерін аударуы	1212 Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек 1213 Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1084 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	Төмен тұрған бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органның есебі негізінде нысаналы трансферт бойынша жүргізілген шығыстарды есептен шығаруы	7210 Трансферттер бойынша шығыстар	1212 Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек 1213 Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
	Төмен тұрған бюджеттің есепті жыл аяғында пайдаланылмаған трансферттер сомасына кредиторлық берешекті есептеуі	7120 Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар	3133 Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
5.	Ағымдағы жылы төмен тұрған бюджеттерден пайдаланылмаған трансферт сомаларын қайтарып алу	1084 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер	1212 Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек 1213 Нысаналы даму трансферттері бойынша

		қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	қысқа мерзімді дебиторлық берешек
6.	Келесі жылы жоғары тұрған бюджетке пайдаланылмаған трансферт сомаларын қайтару	3133 Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің өткен жылдардағы нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған сомаларын қайтаруын көрсетуі	7120 Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар	3133 Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	бір мезгілде	3133 Өзге де операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1212 Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек, 1213 Нысаналы даму трансферттері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
7.	Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері (субвенциялары) бойынша міндеттемелер қабылдауға бюджеттен жоспарлы тағайындаулар алуы	1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6034 Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша кірістер
	Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органының ҚБШ–ға берілген жергілікті өзін-өзі басқару трансферттерін (субвенцияларын) есептен шығаруы	7250 Жергілікті өзін-өзі басқару трансферттері бойынша шығыстар	1093 Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
1.1.3. Субсидиялар бойынша операциялар			
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттен жеке тұлғалар үшін субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды алуы	1085 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1094 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6040 Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер

8.	Жеке тұлғаларға субсидиялар аудару	3114 Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1085 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1094 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	Жеке тұлғаларға субсидиялар аудару	7230 Субсидиялар бойынша шығыстар	3114 Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
9.	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттен заңды тұлғалар үшін субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындауларды алуы	1085 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1094 Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6040 Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер
	Заңды тұлғаларға субсидиялар аудару	3115 Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1085 Субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1094 Субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	Заңды тұлғаларға субсидиялар есептеу	7230 Субсидиялар бойынша шығыстар	3115 Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
10.	"Жол картасы –2020" бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қаржылық көмек көрсету үшін қаржы агенттеріне субсидиялар аудару	1215 Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1085 Субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1094 Субсидиялар бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
11.	Қаржы агентін субсидиялау туралы есептің негізінде субсидияларды есептен шығару	7230 Субсидиялар бойынша шығыстар	1215 Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1.1.4. Зейнетақы мен жәрдемақы бойынша операциялар			

12.	Халықты әлеуметтік қорғау саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның зейнетақы мен жәрдемақы төлеуге қаржыландыруды алуы	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар	6010 Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер
	Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу үшін зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдерін тарту бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға қаражатты аудару	1216 Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар
	Зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның есебі негізінде зейнетақыларды, жәрдемақыларды төлеу бойынша шығыстарды тану	7220 Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша шығыстар	1216 Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
1.1.5. Оқу орындарында стипендия төлеу бойынша операциялар (мемлекеттік мекеме)			
13.	Шәкіртақы төлеуге арналған қаржыландырулардың түсуі	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары	6010 Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер
	Шәкіртақы төлеу бойынша шығыстарды есепке алу	7020 Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар	3230 Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
	Шәкіртақы төлеу	3230 Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары 1010 Кассадағы ақша қаражаты
1.1.6. Жеткізушілер мен мердігерлердің шоттарын өтеу			
			1081 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1091 Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер

14.	Материалдық құндылықтар, жабдықтар, құрылыс материалдар және көрсеткен қызметтері үшін жеткізушілер мен мердігерлердің шоттарын төлеу	3210 Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары 1082 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1092 Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар 1041 Қайырымдылық көмек ҚБШ 1042 Ақылы көрсетілетін қызметтер ҚБШ 1045 Нысаналы қаржыландыру ҚБШ
